

ӘОЖ 331.55 (574.54)

М.А. Умирзакова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

E-mail: umirzakova1972@mail.ru

Қызылорда облысындағы еңбек көші-қонының ерекшеліктері

Аңдатпа. Көші-қон үдерістері елдің еңбекке қабілеттілігіне әсер етеді, сол арқылы экономикалық дамуға ықпалын тигізеді. Осыған орай, көші-қонның Қызылорда облысының еңбек әлеуетінің жағдайына тигізетін ықпалының әртүрлі аспектілерін зерттеу аса өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өңірлік еңбек көші-қон үдерістерін талдау негізінде еңбек мигранттары, жергілікті тұрғындар, көші-қон саласы мамандары арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері бірқатар белгілері бойынша жіктеліп, өңірлік көші-қон саясатын жетілдіруге қатысты тұжырымдар негізделді.

Түйін сөздер: көші-қон, еңбек көші-қоны, еңбек ресурстары, еңбек нарығы, жұмысшы күші.

Көші-қон үдерістері – адамзат даму тарихының барлық кезеңдерінде тұрақты түрде қалыптасқан құбылыс. Көші-қон қозғалыстары тұрғындардың өмірлік жағдайларды сезінуін, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерді дәл және айқын сипаттай алатын әдістердің бірі.

Бүгінгі күні әлемнің көптеген елдерінде көші-қон саясаты үлкен мәселеге айналып келеді. Макроэкономикалық деңгейде көші-қон – еңбек нарығының қызмет етуінің қажетті шарттарының бірі. Оның ауқымы мен бағыттары кәсіпорындар мен салалардың сандық тұрғыдағы еңбекке жарамдылығымен ғана емес, сонымен бірге жеке қызметкердің еңбек әлеуетінің сапасымен де байланысты.

Экономикалық әдебиеттерде көші-қонға тұрғындардың аумақтық орын ауыстыруы деген сипаттағы жалпылама түсінік беріледі. Өзінің алғашқы мағынасында «көші-қон» термині ағылшынның «жаяу саяхаттау, ел аралау» деген етістігімен байланысты. 1958 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы жарық көрген «Демографиялық көптілдік сөздікте»: «Көші-қон – халық қозғалысының демографиялық тұрғыдағы аса маңызды аспектілерінің бірі» деп баса айтылған [1,102 б.].

Халықаралық көші-қон нәтижелерін талдауда «шығарушы» және «қабылдаушы» аймақтар үшін көші-қонның экономикалық тиімділігін А.П. Киреев жасақтаған [2,325 б.].

Жұмыс күшінің аумақаралық қозғалысына әсер ететін көптеген факторларды саралай

отырып, ол: «жұмыс күшінің аймақаралық қозғалысының басты және жалғыз ғана себебі – түрлі елдердегі нақты орташа жалақы деңгейі» деген тоқтамға келеді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, тұрғындар көші-қонының басты функциясы – елдің түрлі аймақтарындағы жұмыс күшіне деген сұраныспен ұсыныстың арасындағы сандық және сапалық сәйкестікті қамтамасыз ету.

Көші-қон үдерістерін зерттеп-тануда оның факторларын анықтаудың орны зор. Біздің көзқарасымыз бойынша, тұрғындар көші-қонының негізгі факторлары көші-қон теориясы мен тәжірибелік ұсыныстарды жасақтауға бағытталған қолданбалы зерттеулер арасын байланыстырушы буын болып табылады, себебі көші-қон факторлары бұл – нақты өмір сүріп тұрған шынайы, объективті құбылыстар. Сондықтан да көші-қон факторлары оның себептері арқылы нақтыланады деген тұжырым жасай аламыз.

Облыста, жалпы республика аумағындағыдай, 90-жылдардың басынан бастап еңбек көші-қоны қарқынды түрде белең ала бастады. Оның негізгі себептері ретінде келесілерді атап көрсетуге болады: түбегейлі өзгерген экономикалық қатынастар, бюджеттік мекемелердің төменгі жалақысы, шекаралардың ашылуы, яғни елге кіріп-шығу шарттарының жеңілдетілуі және т.б.

Осы кезеңнен бастап, нарықтық қатынастар мен мемлекеттік шекаралардан еркін қозғалу шарттарының жүзеге асуына байланысты уақытша еңбек көші-қоны қалыптаса бастады.

Бүгінгі күні бұл ең үлкен және қарқынды көші-қон ағыны болып саналады.

Тұрғындар көші-қоны халық саны мен аумақтық орналасуының өзгеру факторлары болып табылады. Көші-қондық ағымдардың қарқындылығы әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық факторларға тәуелді өзгеріп отырады. Осы факторлар қазіргі кезеңдегі Қызылорда облысында қалыптасқан демографиялық ахуалды да анықтап отыр.

Облыстағы халық саны 2012 жылдың 1 қыркүйегіне ағымдағы деректер бойынша 722,4 мың адамды құрады, оның ішінде 38,2 мың адам Байқоңыр қаласындағы Қазақстан Республикасының азаматтарының үлес салмағында. Туылғандар санының артуы әсерінен халық саны 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,9 %-ға артты.

2012 жылдың қаңтар-маусымындағы облысқа келгендер саны 2011 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 1,3%-ға, ал кеткендер саны 10,9%-ға азайды. Облыстағы негізгі көші-қон алмасуы басқа облыстардың есебінен болуда. Басқа облыстан келгендердің және сол облысқа кеткендердің үлесі тиісінше 41,0 және 49,1 пайызды құрады [3, 9 б.].

Қызылорда облысында қалыптасқан көші-қон ахуалын талдау еңбек көші-қонының өзіндік ерекшеліктері бар екендігін дәлелдейді.

Ішкі еңбек көші-қоны. Мұнда көші-қон ағымдарының бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Көші-қон ағымдарының ең ірісі – «ауыл-қала» еңбек көші қоны. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі кез келген жұмыс түрін табу мақсатында Қызылорда қаласына келеді. Көбінесе олар құрылыстарда, кеңінен тұтынылатын тауарлар өндірісінде жұмысшы ретінде орналасады, сондай-ақ саудамен, қызмет түрлерін көрсетумен, коммуналдық қызмет түрлерін көрсетумен айналысады. Олардың негізгі бөлігін жергілікті ұлттың жастары құрайды.

Екінші ағын – облысаралық немесе өңіраралық еңбек көші-қоны. Оған қатысушылар негізінен облыс аумағынан Алматы және Астана қалаларына және Атырау облысына жұмыс іздеп кететін 20-35 жастағы қазақ ұлтының өкілдері. Көші-қонның бұл түрі көп жағдайда қайтарымсыз сипатқа ие.

Үшінші ағын – облыс аумағындағы мұнай өндіруші компанияларда келісім шарт бойын-

ша жұмыс жасайтын басқа облыстардан келген еңбек мигранттары. Олардың әлеуметтік-демографиялық сипатын төмендегідей бейнелеуге болады: 30-40 жас аралығындағы түрлі ұлт өкілдері, дегенмен мұнда да қазақтардың үлесі басым, білімі жоғары және орта арнаулы, негізінен вахталық әдіспен еңбек етушілер. Бұл көші-қон ағыны маятниктік сипатта деп айтуға болады.

Еңбек мигранттарының Қызылорда облысының аумағына келуі келесі факторларға байланысты: облыстың геосаяси орналасуына, көрші мемлекеттердің экономикалық даму деңгейіне, мигранттардың шығу аймақтарындағы артық жұмыс күшінің сипатынан және т.б. Біз Қызылорда облысына келуші шетелдік жұмыс күші ағымдарын бірнеше топтарға бөліп қарастырдық.

Алғашқы топ – коммерциялық мигранттар немесе жоғарыда айтылғандай «челноктар». Олардың басым бөлігі Қырғызстаннан келгендер (негізінен, Ош, Джалалабад сияқты оңтүстік облыстарынан). Әлеуметтік-демографиялық сипаттама берер болсақ: орта және жоғары білімді, отбасылы, 20-40 жас аралығындағы қырғыз ұлтының әйелдері, көбіне балаларымен бірге келіп, сауда жасайды. Көші-қонның бұл түрі – маятниктік және қайтарымды сипатқа ие, сонымен бірге, жартылай заңсыз деп айтуға болады, яғни облыс аумағына заңды негізде келгенімен, ұзақ уақыт жұмыс жасауы заң талаптарына сай болмауы мүмкін. Бұл көші-қонның ерекшелігі – олардың коммерциялық мигранттар ретінде келіп, жылдың бірнеше айына тұрақты орнығып, сауда жасайтындығында.

Келесі топ – құрылысшы-мигранттар. Олардың басым бөлігі Өзбекстан өкілдері және аз ғана мөлшерде Тәжікстанның өкілдері де кездеседі. Негізінен арнайы білімі жоқ, бірақ қомақты іс-тәжірибелері бар, 17-60 жас аралығындағы ер адамдар. Жеке тұлғалардың шаруашылық баспаналарын, саяжай және тұрғын үйлерінің құрылысына жалданады. Мұндай құрылыстарда еңбек бөлінісі жоқ және мигранттар өздеріне тапсырылған объектілерде ғана қызмет етеді. Әдетте құрылыс орындарында вагондар мен салынып бітпеген баспаналарда тұрады, 5-8 адам бірігіп, бригада құрып, жұмыс жасайды. Өзбекстан өкілдеріне ел арасында тәжірибелі құрылысшылар ретінде көзқарас қалыптасқан.

Сонымен қатар облыс орталығында қызмет

көрсету саласында шағын бизнеспен айналысатын еңбек мигранттары да бар. Олар негізінен Өзбекстан азаматтары, 20-45 жас аралығындағы өзбек ұлтының ер адамдары, нан пісіріп сатумен және көлік құралдарын сатумен айналысады. Мұндай мигранттардың саны көп емес.

Мигранттардың бір тобын облыс аумағындағы мұнай кеніштерінде және компанияларында еңбек ететін қытайлықтар («ПетроКазахстан», «CNPC (Ай-ДанМұнай)»), үндістер («Монтаж-спецстрой»), немістер («Казгермұнай»), поляктар, канадалықтар («ПетроКазахстан»), америкалықтар («КуатАмлонмұнай») құрайды. Олардың қызмет етуі осы компаниялардың шетелдік инвесторларға тиесілі болуымен байланысты. Қызметтері заңды, қызмет етуге рұқсат беретін арнайы лицензиялары бар.

Еңбек мигранттарының келесі бір шағын тобын Түркиядан келген, білім саласында жұмыс жасайтын адамдар құрайды. Олардың облыс аумағында еңбек етуі – заңды негізде. Негізгі қызмет орындары: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті және қазақ-түрік ер және қыз балалар лицейлері. әлеуметтік-демографиялық сипаттама: жоғары білімді (негізінен гуманитарлық мамандықтар бойынша), отбасымен бірге келетін, 25-50 жас аралығындағы ер адамдар.

Қызылорда облысы аумағындағы еңбек иммигранттарының ең көп санын құрайтындар – Өзбекстан азаматтары. Осыған орай біз, облыс аумағындағы өзбекстандық еңбек мигранттарының Қазақстанда еңбек етуінің әлеуметтік-экономикалық негіздерін, еліміздің еңбек көші-қоны саласындағы заңнама мен оның іс-жүзінде орындалуын білу мақсатында бірнеше топтар, атап айтқанда: Өзбекстаннан келген еңбек мигранттары, жергілікті тұрғындар, өзбек жұмысшыларына жұмыс берушілер және көші-қон саласының қызметкерлері арасында арнайы сауалнама жүргіздік.

Сауалнама нәтижесі бойынша 300 сұхбат жүргізілді: оның 180-і өзбекстандық еңбек мигранттарымен, 90-ы – жергілікті тұрғындармен және 7-і жұмыс берушілермен, 10-ы – көші-қон саласының қызметкерлерімен және 13 сауалнаманың жауабы жарамсыз деп танылып, ескерілмеді.

Сауалнама нәтижесі бойынша, мигранттардың Өзбекстаннан Қазақстанға келуінің негізгі себебі ретінде: 55%-ы өз отандарында жұмыстың

жоқтығы деп жауап берсе, 45%-ы жалақының төмендігі деген жауап берген.

- «Қазақстанға жұмыс іздеп, әсіресе маусымдық жұмыстарға, келуіңіздің басты себебі неде?» – деген сауалға: респонденттердің 90%-ы молырақ табыс тауып, өз отбасын асырау мақсатында келсе, 2%-ы балаларын оқытуға немесе медициналық қызметке деген қаржы тапшылығы салдарынан, 4%-ы той жасауға немесе қажеттілігін өтеу үшін бір нәрсені сатып алуға, 3%-ы өз ісін ашу үшін бастапқы капитал қажет болғандықтан, 1%-ы басқа жаққа көшу үшін қаржы жинау керек болды деп жауап қайырған;

- сауалнама жүргізу кезінде респонденттердің 61,2%-ы Қазақстанға осымен кемінде 2 рет жұмыс іздеп келгендігін көрсетсе, 6 %-ы – басқа елдерге де жұмыс іздеп барғандықтарын, 8,9%-ы – өткен жылдары Ресейде жұмыс жасағандықтарын, ал қалғандары ел аумағына алғаш рет келгендіктерін айтқан. Іс жүзінде, Өзбекстан азаматтары үшін Қазақстанда еңбек ету Ресейде жұмыс ісетегенге қарағанда тиімдірек, өйткені екі елде де мигранттардың орташа табысы деңгейінде үлкен айырмашылық жоқ және де Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне келіп-кету жеңіл әрі арзанға түседі, сондай-ақ бір ғана мемлекеттік шекарадан өту қажеттілігі қиындықтар туғызбайды;

- гендерлік тұрғыдан алғанда, сауалнама жүргізілгендердің 89,2%-ын ер адамдар құраса, олардың негізгі қызмет ету орны – құрылыс, 10,8%-ын әйелдер, басым бөлігі қала базарларында сауда жасайтын мигранттар құраған;

- еңбек мигранттарының орташа жасы ерлер арасында 34 жасты, әйелдер арасында 41 жасты құрады. Әйелдердің жас шамасының үлкендігі негізінен, олардың балалары өсіп, ер жеткеннен кейін ғана басқа жаққа бару мүмкіндігінің пайда болуына байланысты деп ойлаймыз;

- білім деңгейі бойынша: әйелдерде – 2,51 (яғни колледж немесе бұрынғы орта арнаулы оқу орындары – 3 жыл, орта мектеп – 2 жыл деген есеппен алынды); ерлерде – 2,38 жыл білімі бар;

- географиялық және этникалық шығу тегі жағынан Қызылорда облысына келетіндер – Ферғана және Хорезм облысынан, 87%-ға жуық.

- сұралғандардың 71,1%-ы өз таныстары мен туыстары арқылы, солармен бірге жұмыс тауып келгендіктерін мойындаған.

- Қазақстанда табатын табыс деңгейі жөніндегі сұраққа берілген жауап әртүрлі.

Мигранттардың жауаптары бойынша, ең көп табыс құрылысшыларда, орта есеппен айына 25000-28000 теңге (200 доллар) көлемінде; екінші орында аспазшылар – 2000-25000 теңге (180-185 доллар) шамасында. Қала базарларындағы коммерциялық мигранттар орташа табыс көлемін айына 15 мың теңге (140 доллар) деп көрсеткен. Респонденттердің басқа топтары арасында жүргізілген осы сауал нәтижесі бойынша: жұмыс берушілер – мигранттардың орташа табысы 30 000 теңгені немесе 250 долларды құрайды, ең жоғарғы табыс қызмет көрсету саласында – 285 долларға дейін деп есептесе; көші-қон саласының мамандарының пікірі мигранттардың өздерінің берген жауаптарына ұқсас келеді, яғни орташа табыс 23 000 теңгені құрайды, ең жоғарғы табыс – құрылысшыларда деп санайды;

- жұмыс күнінің ұзақтығы аптасына 112-120 сағатқа дейін жетеді. Мигранттардың 68,1%-ы өз елдерінде мұндай жағдайларда жұмыс істеуге келіспейтіндіктерін білдірткен және олар қазақстандықтардың өздерінің мұндай жағдайда жұмыс істемейтіндіктерін айтқан;

- жергілікті тұрғындардың 53,9%-ы өзбекстандық мигранттардың елде жұмыс жасауын қолдайды және бір рет болса да, олардың қызметін пайдаланған; 20,4%-ы еңбек мигранттарының еңбек етуіне қарсы емес, бірақ өздері олардың қызметін пайдаланбаған; 25,1%-ы мигранттардың өңірде еңбек еткенін қаламайды.

Жергілікті тұрғындардың 20,9%-ы Өзбекстанның арзан жұмыс күшімен қамтамасыз етуіне оң көзқарастарын білдірсе; 12,5%-ы оларды сапалы жұмыс жасайтын жұмысшылар ретінде санайды; 7,3%-ы кез келген қол жұмысты орындай алады деп есептесе, 2,1%-ы рынокта жетіспейтін мамандардың орнын толықтырады деп санайды, сондай-ақ талапты көп қоймайды және шиеленіске бармайды деп есептейтіндер 1%-ды құраған. Сонымен қатар 14,1% – мигранттарға аяушылықпен қарап, Қазақстан Өзбекстанға көмек көрсетуі тиіс деп санаса; 1,2%-ы Өзбекстанның Қазақстанға қатысты саясатына байланысты өзбек мигранттарын жақтырмайтындықтарын білдірген. Сауал жүргізілген жергілікті тұрғындардың 20,4%-ының ойынша, Өзбекстаннан келген еңбек мигранттары еңбек рыногында жергілікті тұрғындарға бәсекелес болып келеді.

«Еңбек мигранттары құқық бұзып, қылмыс жасайды ма?» – деген сұраққа көші-қон саласындағылардың 65,4%-ы «ия, әрі жиі» деп жауап берсе, жұмыс берушілердің 51%-ы да осындай жауап берген, ал жергілікті тұрғындардың 54,6%-ы – «жоқ немесе бұзса да, сирек» деп жауап берген.

«Сіздің ойыңызша, еңбек етуші мигранттардың құқығы сақтала ма?» деген сауалға көші-қон саласының мамандарының 54,6%-ы және жұмыс берушілердің 61%-ы «ия, сақталады» деп жауап берсе, мигранттардың 32%-ы және бір қызығы, жергілікті тұрғындардың 9%-ы ғана «сақталады» деп жауап қайтарған. Осы жерде біздің азаматтардың өзбекстандық мигранттардың жасап жатқан жұмысын өздері орындауға келісім бермейтіндігі байқалып қалады.

Қазақстан халқы өз тәуелсіздігіне ие болып, рынок қатынастарына көшіп, дербес әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізе бастаған кезде ел жағдайының жедел жақсаруына ең әуелі мұнай-газ секторына құйыла бастаған шетелдік инвестициялардың жағымды әсер еткені белгілі. Бұл жағдай экономиканың басқа салаларына да серпіліс туғызып, елімізде көптеген жұмыс орындарының ашылуына себепші болды.

Қызылорда облысына шетелдік жұмыс күшін тартуға бөлінген квотасы бойынша 800 шетел мамандарын тарту белгіленген, оның ішінде 1-2 санат бойынша 500 бірлік, 3 санат бойынша 300 бірлік. Өткен жылмен салыстырғанда квота 954 бірлікке азайды.

1-кесте – Шетел жұмыс күшін тарту

Қызылорда облысы	2010	2011	2011/2010, %
Бөлінген квота	1754	800	45,6
Рұқсатпен тартылған шетел жұмыс күшінің саны	339	419	123,6

Ескерту – [4] әдебиет негізінде автордың құрастыруы

Қызылорда облысы бойынша бірлескен 23 кәсіпорындар жұмыс атқарады. Жұмыс атқарып жүрген қазақстандық мамандардың саны 7778 адамды құрайды. Шетел жұмыс күшін тартуға – 206, мерзімін ұзартуға – 207, барлығы 413 рұқсат берілді. Қазіргі таңда рұқсатпен 419

шетел азаматтары жұмыс атқарып келеді, оның ішінде 1-санат бойынша 8 адам, 2-санат бойынша 411 адам. Тартылған шетел мамандарының басым көпшілігі мұнай-газ саласында жұмыс атқарады.

2-кесте – Шетел жұмыс күшін тартуға квота беру кезінде орындалған ерекше шарттар адам

Ерекше шарттар	2010	2011	2011/2010, %
Қазақстандық азаматтарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	4256	6515	153,1
Шетел мамандарын қазақстандық кадрлармен алмастыру	29	40	137,9
Қазақстандық азаматтар үшін қосымша жұмыс орындарын құру	1869	2142	114,6

Ескерту – [4] әдебиет негізінде автордың құрастыруы

6515 қазақстандық азаматтар даярлау, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтті, өткен жылмен салыстырғанда 2259 адамға немесе 153,1 пайызға артты. Қазақстандық азаматтар үшін қосымша 2142 жұмыс орындары құрылды, өткен жылмен салыстырғанда 273 орынға немесе 114,6 пайызға артты, 40 шетелдік маман қазақстандық кадрлармен алмастырылып, өткен жылмен салыстырғанда 11 адамға немесе 114,5 пайызға артты [4, 3 б.].

Шетелдік жұмыс күшін тартудағы басты міндеттерді ала отырып, Ережеге сәйкес құжаттары толық және тиесілі рәсімделмеген және жергілікті еңбек нарығында мамандардың болуына байланысты 185 шетел азаматтарына рұқсат беруден бас тартылды.

Еңбек көші-қонын реттеу жөніндегі көші-қон саясаты мемлекет стратегиялық басымдық деп айқындаған салаларда (нанотехнология, биотехнология, ақпараттық жүйелер, көлік пен коммуникация және қызметтің басқа да индустриалдық-инновациялық салалары) жұмыс істеу үшін шетелден біліктілігі жоғары кадрларды тартуды көздейді.

Аталған бағытты іске асырудың негізгі мақсаты еңбек көшіп-қонушыларының көмегімен Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтарын күшейту, атап айтқанда:

- ғылымның, экономиканың жоғары технологиялық және инновациялық секторларының зияткерлік еңбек ресурстарына ұзақ мерзімдік сандық және сапалық қажеттіліктерін бағалау және оларға жүйелік мониторинг жүргізу;
- өңірлік еңбек нарықтарының мүмкіндіктерін ескере отырып, халықтың көші-қон ұтқырлығын арттыру тетіктерін жетілдіру;
- жергілікті кадрларды даярлауды және жұмысқа орналастыруды жүзеге асыратын шетелдік қатысушылары бар кәсіпорындар үшін экономикалық ынталандыру шараларын жасау болып табылады.

Осылайша, тұрғындар көші-қоны – қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының қажетті және заңды үдерісі. Ол еңбек ресурстарының барлық деңгейіндегі ұдайы өсіп-өнуінің факторы болып табылады, экономикаға елеулі ықпалын тигізеді. Сонымен бірге көші-қон ауқымы, сипаты мен бағыттары жекелеген аймақтар мен жалпы қоғамның экономикалық даму жайы мен қажеттілігіне тәуелді.

Еңбек мигранттарының санының өсуіне көптеген әрқилы, сонымен қатар өзара тәуелді факторлар әсер етеді. Осы факторлардың өзара әрекеттесуінің механизмдерін, сондай-ақ оның еңбек нарығына және тұтастай алғанда бүкіл экономикаға әсерін білу көші-қон стратегиясын жасап шығу үшін өте маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Кваша А.Я., Ионцева В.А. Современная демография. – М., 1995. – 102 с.
- 2 Киреев А.П. Международная экономика. Часть I. – М., 2000. – 325 с.
- 3 Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. – Қызылорда, 2012. – 9 б.
- 4 Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметтері. – Қызылорда, 2012. – 3 б.